

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы



Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд, қауым. проф.

 К.Акмалайұлы
« 25 » 05 2020 ж.

1934

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Қызылорда қаласындағы балалар орталығы»

5B072900 – Құрылыс мамандығы

Орындаған  Турганбекова Ж.Т.

Ғылыми жетекші  Наширалиев Ж.Т.
техн. ғыл. канд, қауым. проф.

« 25 » 05 2020 ж.

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К. Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

5B072900 – Құрылыс

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. докторы, проф.

 К.Акмалайұлы

« 27 » 01 2020 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Турганбекова Жансезим Турганбековна

Тақырыбы Қызылорда қаласындағы балалар орталығы

Университет ректорының «27» қаңтар 2020 ж. №762-б - бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «02» маусым 2020 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Құрылыс ауданы – Қызылорда қаласы, ғимарат конструкциялық жүйесі - қаңқалы, тұтас темір конструкциясынан, іргетас - темірбетонды, қабатаралық жабын – тұтас құймалы темірбетонды плита.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

- 1.Сәулеттік - құрылыстық бөлімі: құрылыс ауданының сипаттамалары; көлемдік-жоспарлық шешімдер; сәулеттік-конструктивтік шешімдер; қабырғаның жылутехникалық есебі;
- 2.Есептік- конструктивтік бөлімі: жүктемелерді анықтау және есептік схеманы құру; тұтас темірбетон элементтерінің есебі және оларды құрастыру; ұстындарға қажетті арматура тағайындау; іргетасқа қажетті арматура тағайындау;
3. Құрылыс өндірісінің технологиясы және ұйымдастыру бөлімі: жұмыстар көлемін анықтау, жұмыстардың еңбек сыйымдылығы және машина-кезек санын есептеу, монтаждау кранын таңдау, аражабын қалыптарының техкартасын құру, құрылыстық бас жоспарды және құрылыстың күнтізбелік жоспары құрастыру; қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария;
- 4.Құрылыс экономикасы бөлімі: жергілікті және объектілік сметаларды жасау;

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):






1. Ғимараттың қасбеті, қималар, түйіндер, спецификация, жоспар - 3 парақ;
2. Іргетас пен ұстынның арматуралануы, спецификациялар - 2 парақ;
3. Монтаждау жұмыстарының техкартасы, құрылыстың күнтізбелік жоспары, құрылыстық бас жоспар – 3 парақ

Ұсынылатын негізгі әдебиет: 1.ҚР ҚНЖЕ РК 2.04-01-2010 Құрылыс климатологиясы, Алматы, 2011; 2. ҚР ҚНЖЕ 2.04-03-2012 Құрылыс жылутехникасы, Құрылыс істері жөніндегі комитет МЭиТ РК. – Астана, 2002

**Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ**

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Сәулеттік - құрылыстық бөлім	03.02-23.02.2020 ж.	
Есептік-конструктивтік бөлім	24.02-22.03.2020 ж	
Құрылыс өндірісінің технологиясы және ұйымдастыру бөлімі	23.03-20.04.2020 ж	
Құрылыс экономикасы бөлімі	15.05-19.04.2020 ж	
Антиплагиат, нормоконтроль	18.05-24.05.2020 ж	
Қорғау	01.06-05.06.2020 ж	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған күні	Қолы
Сәулеттік - құрылыстық бөлімі	Ж.Т.Наширалиев, техн. ғыл. канд., қауымд. проф.	25.05.2020	
Есептік-конструктивтік бөлімі	А.П.Турганбаев, техн. ғыл. магистр	25.05.2020	
Құрылыс өндірісінің технологиясы және ұйымдастыру бөлімі	И.З.Кашкинбаев, техн. ғыл. докторы, қауымд. проф.	25.05.2020	
Құрылыс экономикасы бөлімі	Ж.Т.Наширалиев, техн. ғыл. канд., қауымд. проф.	25.05.2020	
Норма бақылаушы	Н.В.Козюкова, техн. ғыл. магистр	25.05.2020	

Ғылыми жетекшісі



(қолы)

Наширалиев Ж.Т.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



(қолы)

Турганбекова Ж.Т.

Күні

«___» _____ 2020 ж.

АНДАТПА

Дипломдық жұмыс тақырыбы: Қызылорда қаласындағы балалар орталығы.

Диплом жобасында сәулет-құрылыс, есептік-конструктивтік және өндірістік бөлімдер бойынша инженерлік шешімдер қабылданып, экономикалық бөлімі ABC-4 бағдарламалық кешенінде есептелінген. Жобаның толық ТЭҚ-і анықталды.

Сәулеттік - құрылыстық бөлім бойынша ғимараттың көлемдік-жоспарлық және сәулеттік-конструктивтік шешімдері, сыртқы қабырғаның жылутехникалық есебі, ғимаратты инженерлік жабдықтау, антисейсмикалық шаралар орындалды.

АННОТАЦИЯ

Тема дипломной работы: Детский центр в г. Кызылорда.

В дипломном проекте приняты инженерные решения по архитектурно-строительным, расчетно-конструктивным и производственным отделам, экономическая часть рассчитана на программном комплексе ABC-4. Определена полная ТЭУ проекта.

По архитектурно - строительному отделу выполнены объемно-планировочные и архитектурно-конструктивные решения здания, теплотехнические расчеты наружной стены, инженерное оборудование здания, антисейсмические мероприятия.

ANNOTATION

Diploma work was planned on topic: "Children's Center in Kyzylorda".

The most important principles of area dividing depend on design for a building.

The diploma project includes engineering solutions for architectural and construction, design and construction and production departments, the economic part is calculated on the ABC-4 software package. The full TEU of the project is defined.

In architecture and construction Department performed space-planning and architectural design of buildings, thermal calculations external walls, the engineering equipment of the building, seismic ev.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 Сәулеттік-құрылыс бөлімі	8
1.1 Жалпы мәліметтер	8
1.2 Құрылыс алаңының сипаттамасы	8
1.3 Бас жоспардың шешімі	9
1.4 Ғимараттың көлемдік-жоспарлау шешімдері	9
1.5 Конструктивтік шешімдер	10
1.6 Арнайы іс-шаралар	11
1.7 Қабырғаның жылу техникалық есебі	12
2 Есептік-конструктивтік бөлімі	14
2.1 Лира бағдарламалық кешеніне бастапқы мәліметтерді жинақтау	14
2.2 Орта қатардағы бағананың беріктігін есептеу	15
2.3 Ортадан жүктелген ұстын астындағы іргетасты есептеу	16
3 Құрылыс технологиясы және ұйымдастыру бөлімі	19
3.1 Жалпы мәліметтер	19
3.2 Көлемді жұмыстарды анықтау	19
3.3 Автокран таңдау	24
3.4 Бетон тасушы машиналардың санын анықтау	24
3.5 Объектілік құрылыс бас жоспарды анықтау	25
3.6 Күнтізбелік жоспары	31
3.7 Монтаждық жұмыстар	32
3.8 Жарықтандыру есебі	36
3.9 Электр қауіпсіздігі	38
3.10 Өртке қарсы шаралар	38
4 Экономикалық бөлім	40
4.1 Құрылыстың сметалық құнын есептеу	40
Қорытынды	41
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	42
Қосымшалар	

КІРІСПЕ

Дипломдық жобаның тақырыбы "Қызылорда қаласындағы балалар орталығы". Тәрбие жүйесінің негізгі қағидалары: баланың барынша дербестігі; оның белгіленген шекарадағы еркіндігі; баланың табиғи жан - жақты-психологиялық, дене бітімі мен әлеуметтік дамуы болып табылады.

Бұл нысанды жобалау үшін Әміре Қашаубаев – Рустембеков , Абылайхан - Бекин көшелерінің квадратындағы саябақ аймағы таңдалды. Бұл көшелер периметрінде көптеген тұрғын үйлер орналасқандықтан, аталған аймақты, болашақ ұрпақтың дұрыс дамуы мен білім алуына пайдалану ең жақсы шешімдердің бірі болып тұр. Қазіргі уақытта көптеген ауылдар, елді-мекендер бұл іс-әрекетке зәру. Қаншама өнерлі де ақылды жас өспірімдер балабақша мен мектептер санының аз болуынан, отбасы жағдайының төмен болуынан көптеген мақсаттарына жете алмай жүргенін көрген кезде жүрегің елжіреді. Біздер, барынша Қазақстанымызды көркейту мақсатында, қолымыздан келетін дүниелерді жасауымыз керек. Себебі, болашақ өсіп келе жатқан жастардың қолында. Ол үшін балабақшалар санын, балаларға арналған орталықтар санын, мектептер санын көбейтуіміз керек деп ойлаймын. Себебі балалар қаншалықты ерте жастан бастап білімді әрі өнерлі, алдына қойылған мақсатты айқын білетін болып ер жететін болса, ол біздің еңбегіміздің жемісі екенін көрсетіп, алдағы болашағымызға нық қадаммен басуымызға болатынын сеніммен айтуымызға болатын дәлел.

Дипломдық жұмысымның мақсаты: қазіргі сәулет өнерінің заманауи үлгісімен және де жаңадан қолданысқа еніп жатқан Еурокодтық қағидаларды, Ревит және Лира САПР бағдарламаларын қолдана отырып жобалау.

Міндеттері: адам өміріне зиян келместігі үшін, қауіпсіздік ережелерді және нормаларды сақтай отырып, құрылыс процесстерін жүргізу. Сонымен қатар, қала тұрғындары үшін әдемі әрі сапалы, жаңа орта жасау.

1 Сәулет-құрылыс бөлімі

1.1 Жалпы мәліметтер

Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, "Құрылыс" кафедрасының тапсырмасы бойынша дайындалған дипломдық жобалау тақырыбы "Қызылорда қаласындағы балалар орталығы". Дипломдық жоба жаңа Еурокод ережелері мен қағидаларына сәйкес дайындалды.

1.2 Құрылыс алаңының сипаттамасы

Ауданның табиғи-климаттық жағдайлары:

Климат ауданы – 4А;

Есептік қысқы температура -25° ;

Қар жүктемесі салмағының нормативтік мәні II район үшін – 0,70 кПа (0,70 кгс/м²);

Жел қысымының нормативтік мәні III аудан үшін – 0,56 кПа (0,56 кгс/м²);

Құрылыс ауданының сейсмикалығы – 6 балл;

Сейсмикалық қасиеттері бойынша топырақ санаты - екінші II;

Құрылыс алаңының сейсмикалығы - 6 балл;

Топырақты маусымдық қатудың нормативтік тереңдігі - үйінді топырақтар үшін 1,36 м, саздақтар үшін 0,92 м;

Ғимараттың сипаттамасы:

Ғимараттың жауапкершілік деңгейі - II;

Өрт қауіптілік санаты - I;

Ғимараттың отқа төзімділік дәрежесі - II;

Топырақ жағдайлары: іргетастың негізі ретінде физикалық - механикалық қасиеттерінің келесі сипаттамасымен құмды толтырғышы бар ИГЭ2 - Галечникті топырақ қабылданды:

Топырақтың есептік тығыздығы $\rho=2,24$ г/см³; ішкі үйкелістің есептік бұрышы $\varphi=35^{\circ}$; меншікті ілініс $C=25$ кПа; деформация модулі $E=68$ МПа; шартты есептік кедергі $R_0=450$ кПа.

Алаңның инженерлік-геологиялық жағдайлары топырақ жағдайының бірінші түріне жатады.

Тереңдігі 15,0 м дейінгі қазбалармен жер асты сулары ашылған.(Аумағы ықтимал суға төзімді).

1.3 Бас жоспардың шешімі

190 орындық балалар орталығы құрылысына бөлінген жер Қызылорда қаласының жаңадан игеріліп жатқан ауданында және құрылыстан бос алаңда салынады.

Алаң шығаруға жататын инженерлік желілердің құрылысынан бос аумақ болып табылады.

Құрылыс аумағы мынадай деректермен және мәндермен сипатталады:

- салынып жатқан жердің рельефі тегіс, солтүстік бағытта төмендеу;
- су тасқыны және басқа да жер үсті суларымен су баспайды;
- үстем жел-шығыс.

Көліктік қызмет көрсету қолданыстағы автожолдармен жүзеге асырылады. Ғимараттың айналасы қатты жабындармен қоршалған.

Бас жоспар элементтерінің өлшемдері инженерлік желілерді, автожолдарды, тротуарларды, көгалдандыру элементтерін орналастыруды ескере отырып, сондай-ақ санитарлық және өртке қарсы нормалар мен ережелерге сәйкес қабылданды.

Құрылыс басталғанға дейін қалпына келтіру мақсатында қалыңдығы 0,20 м өсімдік қабатын алу көзделеді.

Үй-жайларды бағдарлау нормаларға сәйкес келеді. Жақын орналасқан ғимараттар арасындағы санитарлық және өртке қарсы алшақтықтар сақталды.

Бас жоспар бойынша негізгі көрсеткіштер:

- қабаттылығы - 2;
- ғимарат сыныбы - I;
- отқа төзімділік дәрежесі - I.

1.4 Ғимараттың көлемдік-жоспарлау шешімдері

Жобаланған ғимарат күрделі нысан болып табылады. Жоба қарапайым формалы 2 қабатты ғимарат. Орталықтың басты кіреберісі мен вестибюльі I қабатта.

Вестибюльде клиенттерді қабылдау, ресімдеу және қызмет көрсету кеңістіктері, баспалдақ - лифт холлы, әкімшілік және кеңселік үй-жайлар, ресепшн, т. б. орналасқан.

Барлық осы кеңістіктің жайлылығы мен ыңғайлылығын арттыратын нақты технологиялық өзара байланысты ұйымдастыруға мүмкіндік беретін функционалдық белгілері бойынша топтастырылған. 60 орынға арналған конференц - зал екінші қабатта орналасқан және 3,0 м биіктікке ие.

Кеңістіктер, қоймалар, қосалқы және техникалық кеңістіктер, және басқа да бөлмелер цокольдық қабатта жобаланған.

Қызмет көрсететін бөлікке: орталық кіреберістің оң жағында ресепшіндік

вестибюльді жүргізетін алдыңғы бөлікте фойе орналасқан, кіреберістің сол жағында дәмхана, бірінші және екінші қабаттарға және бас оқу залға апаратын баспалдақтар бар. Үлкен зал тікбұрышты формада концерттер мен жиналыстар өткізуге арналған сахнамен жабдықталған.

Қабаттардың биіктігі - 3 м.

Кірпішті қоршау конструкцияларының барлық сыртқы беттері травертинмен қапталады.

1.5. Конструктивтік шешімдер

Құрылыста ғимараттың қаңқасы үшін моноклитті темірбетон қаңқасы қолданылады.

Ғимараттың көтергіш құрылымдары моноклитті темір бетоннан жобаланған. Ғимараттың есептік схемасы ретінде қаңқалық схема - рамалық жүйе қабылданды. Ғимараттың конструкциялық беріктігі мен тұрақтылығы ұстындардың, арқалықтардың бірлескен жұмысымен қамтамасыз етіледі. Баған қадамы - ауыспалы, сәулет шешіміне сәйкес, өзгеріп отырады.

Бағаналардың қимасы биіктігі бойынша әртүрлі қабылданды:

Бұл жобада С25/30 класты бетоннан жасалған $b=1000$ мм өлшемді моноклитті темір бетоннан жасалған тақта тәріздес іргетастар таңдалған. Каркас элементтерінің көлденең қимасының өлшемдері: С25/30 класты бетоннан жасалған ригель 400×400 мм (bхh), бағаналардың қимасы биіктігі бойынша ауыспалы орындалған.

Жабын плиталары 200 мм, С25/30 класты бетоннан жасалған моноклитті темір бетон.

Моноклитті темір бетоннан жасалған баспалдақтар. Арматуралау үшін МЕСТ 5781-82 бойынша S500 класты ыстықтай басылған болаттан жасалған арматура қолданылады. Қоршаушы конструкция типтік қабаттарда 75 маркалы теплоблоктан (200мм) жасалған.

Қалқалар темірленген тормен 25 маркалы ерітіндіде 75 маркалы пеноблоктан (100мм) жасалған.

Ғимараттың айналасына қалыңдығы 80 мм бетоннан жасалған ені 1000 мм, қалыңдығы 100 мм, битумды толық қанығанға дейін сіндіре отырып, құм негізі бойынша төсеніш орнатылады.

Топырақпен жанасатын темір-бетон элементтерін ыстық битуммен 2 рет майлау керек. Металл элементтерді коррозияға қарсы қорғау: ПФ-115 эмалі (2 рет) ПФ-170.

Едендер:

1.Балалар алаңы және әкімшілік бөлмелерде - паркет тақтасы.

2.Санитарлық тораптар мен ванна бөлмелерінде керамикалық плитка бар.

3. Вестибюльдерде, лифт холларында, басты кіреберіс тамбурында - гранитті плитка.

4. Баспалдақ торларында, лоджияларда, электр қалқан және қоқыс жинау камераларында - керамикалық плитка.

5. Техникалық жертөлелерде, автотұрақтарда, шатырлы жабындарда және венткамерлерде - құйылатын цемент еден.

Есіктер – ағаштың бағалы сорттарынан әрленген ағаш.

Кіріктірілген шкафтар мен антресольдер пышақты фанерамен қапталады және екі рет мөлдір күңгірт лактармен боялады.

1.6 Арнайы іс- шаралар

Антисейсмикалық іс-шаралар.

Ғимараттарды сейсмикалық жүктеме әсеріне қажетті қарсылықты қамтамасыз ету үшін және ҚР ҚЖ талаптарына сәйкес 2.03-30-2017 "Сейсмикалық аудандарда құрылыс салу", келесі іс-шаралар көзделген:

- сейсмикалық төзімді конструктивтік жүйелерді қолдану;
- ғимараттар мен құрылыстарды жоспардағы сейсмикаға қарсы тігістермен бөлу;
- ғимараттардың биіктігін шектеу;
- материалдардың түрлері бойынша қолдану шарттары мен саласын регламенттеу;
- конструктивтік схемаларда антисейсмиялық белдеулерді қолдану;
- тас конструкцияларының элементтерін арматуралау;
- қабырғалардың өзара жанасуы және ішкі қабырғалардың жанасуы 4Ø5 S240 арматуралық тормен қалаудың 6 қатары арқылы көлденең арматурамен күшейтіледі;
- парапет қабырға арматуралауға ұқсас арматураланады;
- ойықтардың үстіндегі бөгеттер қабырғаның барлық қалыңдығына орнатылады және ені 1,5 м-ге дейін 250 мм қалауға бекітіледі, ал ені 1,5 м-ден кем емес 350 мм-ге қабырғалар ғимарат кеңістігін жасайды, оны сыртқы әсерден шектейді және қорғайды, сондықтан антисейсмикалық шаралардың үлкен бөлігі қабырғалардың тұрақтылығын арттыруға бағытталған.

Тас қалыбына қойылатын маңызды талап - ерітіндімен ілінуге беріктігі. Сейсмикалық әсерлердің кедергісі бойынша бірінші санатты қалауға болады, онда кірпіш пен ерітінді арасындағы қалыпты ілініс мәні кемінде 180 кПа (1,8 кг/см²) болуы тиіс. Екінші санатты қалау ілінісу беріктігі 120 кПа (1,2 кг/см²) кем болмауы тиіс.).

Қаңқаның қабырғалары мен бағаналарының арасында көлемі 20 мм кем емес саңылаулар көзделеді. Климаттың ерекшеліктерін ескеру және қалаудың талап

$$\Gamma_{\text{COП}} = (t_{\text{в}} - t_{\text{от}}) \cdot z_{\text{от}}; \quad (1)$$

$$\Gamma_{\text{COП}} = (21 + 2,2) \cdot 231 = 5359,2;$$

Жылу беру кедергісінің нормаланатын мәнін анықтаймыз R_{req} , $\text{м}^2 \cdot \text{°C}/\text{Вт}$

$$R_{0\text{тр}} = a \cdot \Gamma_{\text{COП}} + b; \quad (2)$$

мұнда a және b коэффициенттері құрғақ және қалыпты режиммен ғимараттың сыртқы қабырғаларына қабылданады $a=0,00035$; $b=1,4$, $R_{0\text{тр}} = 0,00035 \cdot 5359,2 + 1,4 = 3,28 (\text{м}^2 \cdot \text{°C})/\text{Вт}$;

Жылу оқшаулағыш қабаттың термиялық кедергісін есептейміз $R_{\text{ут,м}}$, $\text{°C}/\text{Вт}$

$$R_{\text{ут}} = R_{0\text{тр}} - (1/\alpha_{\text{в}} + b_1/\lambda_1 + 1/\alpha_{\text{н}}); \quad (3)$$

$$R_{\text{ут}} = 3,28 - (1/8,7 + 0,38/0,87 + 1/23) = 2,69 (\text{м}^2 \cdot \text{°C})/\text{Вт}$$

мұнда $\alpha_{\text{в}}$ - қоршау конструкцияларының ішкі бетінің жылу беру коэффициенті, $\text{Вт} / \text{м}^2 \cdot \text{°C}$, қабырғалар үшін $\alpha_{\text{в}} = 8,7$;

$\alpha_{\text{н}}$ - қоршау конструкцияларының сыртқы бетінің жылу беру коэффициенті, $\text{Вт} / \text{м}^2 \cdot \text{°C}$, қабырғалар үшін $\alpha_{\text{н}} = 23$;

Жылу оқшаулағыш қабаттың қалыңдығын есептейміз:

$$b_{\text{ут}} = \lambda_{\text{ут}} \cdot R_{\text{ут}}; \quad (4)$$

$$b_{\text{ут}} = 0,045 \cdot 2,69 = 0,121 \text{ м} = 120 \text{ мм}, 150 \text{ мм деп қабылдаймыз.}$$

Сыртқы қабырғаның нақты термиялық кедергісін анықтаймыз R_0 , $\text{м}^2 \cdot \text{°C}/\text{Вт}$

$$R_0 = 1/\alpha_{\text{в}} + b_1/\lambda_1 + b_{\text{ут}}/\lambda_{\text{ут}} + 1/\alpha_{\text{н}} \quad (5)$$

$$R_0 = 1/8,7 + 0,38/0,87 + 1/23 + 0,15/0,045 = 3,92$$

$R_{0\text{тр}} < R_0$ шарт орындалады.

Қабылданған қабырғаның қалыңдығы жылу техникалық шартты қанағаттандырады.

2 Есептік конструктивтік бөлім

2.1 Лира бағдармалық кешеніне бастапқы мәліметтерді жинақтау

Жүктемелерді жинау

1 Кесте - Жабу плиталарға жүктемелерді жинау

Жүктеме	Жүктеме нормативтік жүктеме, тс/м ²	Сенімділік коэффициент	Есептік жүктеме, тс/м ²
Тұрақты: дыбыс оқшаулау	0,050	1,3	0,065
цемент-құмды тартпа $\delta=0,050$ м, $\gamma=1,800$ т/м ³ ;	0,090	1,3	0,117
керамикалық плитка $\delta=0,010$ м, $\gamma=2,400$ т/м ³ ;	0,024	1,1	0,027
перегородкалар	0,070	1,3	0,091
Барлығы тұрақты:			0,300
Уақытша:			
ұзақ	0,150	1,2	0,180
қысқа мерзімді	0,400	1,2	0,480

2 Кесте - Типтік қабаттарды аражабынға жүктемелерді жинау

Жүктеме	Жүктеме нормативтік жүктеме, тс/м ²	Сенімділік коэффициент	Есептік жүктеме, тс/м ²
Тұрақты: дыбыс оқшаулау	0,050	1,3	0,065
цемент-құмды тартпа $\delta=0,050$ м, $\gamma=1,800$ т/м ³ ;	0,090	1,3	0,117
керамикалық плитка $\delta=0,010$ м, $\gamma=2,400$ т/м ³ ;	0,024	1,1	0,027
	0,250	1,3	0,325
Барлығы тұрақты:			0,534
Уақытша:			
Ұзақ	0,030	1,3	0,039
қысқа мерзімді	0,150	1,3	0,195

3 Кесте - Жабын плитасына жүктемелерді жинау

Жүктеме	Жүктеме нормативтік жүктеме, тс/м ²	Сенімділік коэффициент	Есептік жүктеме, тс/м ²
Тұрақты:			
жылу окшаулау және қорғаныс окшаулау; гидроизоляция	0,050	1,3	0,065
цемент-күмды тартпа	0,050	1,3	0,065
$\delta_{ср}=0,150$ м, $\gamma=1,800$ т/м	0,270	1,3	0,351
желдетілетін шатырдың	0,050	1,3	0,065
Барлығы тұрақты:			0,546
Уақытша: ұзақ;			
қысқа мерзімді	0,070	1,3	0,091
	0,070	1,4	0,098

4 Кесте - Қоршау конструкцияларының салмағынан жүктемелерді жинау

Жүктеме	Жүктеме нормативтік жүктеме, тс/м ²	Сенімділік коэффициент	Есептік жүктеме.
Тұрақты:			
цемент-күмды тартпа	0,036	1,3	0,047
$\delta_{ср}=0,020$ м, $\gamma=1,800$ т/м ³ ;			
блоктар $\delta_{ср}=0,250$ м,	0,150	1,1	0,175
$\gamma=0,600$ т/м ³ ; мин. плита			
$\delta_{ср}=0,100$ м, $\gamma=0,100$	0,010	1,6	0,016
т/м ³ ; қасбеттік плитка	0,030	1,1	0,033
Барлығы тұрақты:			0,271

ШЭ нәтижелері эпюр, изополия, сондай-ақ РСУ түрінде ұсынылған. А. қосымшаларын қараймыз.

2.2 Орта қатардағы бағананың беріктігін есептеу

Монолитті колонна A_s жұмыс арматурасының алаңын анықтау. Бағананың көлденең қимасының өлшемі 40×40 см, бетон кл. С25/30, бетон бойынша қауіпсіздіктің жеке коэффициенті $\gamma_c=1,5$; алдын-ала кернеуленген құрылымдар мен темірбетонның сығылуына арналған бетонның есептік кедергісі

$f_{cd}=a_{cc} \cdot f_{ck} / \gamma_c = 0,85 \cdot 16 / 1,5 = 9,1$ МПа; Бойлық арматура класы S500 ($f_{yk}=500$ МПа, $f_{yd}=f_{yk} / \gamma_c = 435$ МПа); көлденең арматура класы S240 ($f_{yk}=240$ МПа, $f_{yd}=f_{yk} / \gamma_c = 167$ МПа);

Шешуі:

Егер келесі екі шарт орындалса, онда ұстын ортадан сығылған деп есептеледі:

$$l_0 = 5900 \text{ мм} \leq 20 \cdot h_c = 20 \cdot 400 = 8000 \text{ мм}$$

мұндағы $h_c = b_c = 0,4$ м;

Ұстын симметриялы темірленіп, жұмыстық арматурасы S240- S500 классты арматура қолданылады.

$$c_1/h = c_2/h = 3/40 = 0,075$$

$$\nu_{Ed} = \frac{N_{Ed}}{b \cdot h \cdot f_{cd}} = \frac{4854000}{400 \cdot 400 \cdot 9,1} = 0,911$$

$$\alpha_{Ed} = \frac{M_{Ed}}{b \cdot h^2 \cdot f_{cd}} = \frac{58840000}{400 \cdot 400^2 \cdot 9,1} = 0,145$$

w_{tot} коэффициентін 1-график бойынша ν_{Ed} және α_{Ed} коэффициенттерінің қиылысынан анықтаймыз: $w_{tot} = 0,4$;

$$A_{s,tot} = \frac{w_{tot} \cdot b \cdot h}{\frac{f_{yd}}{f_{cd}}} = \frac{0,4 \cdot 40 \cdot 40}{\frac{435}{9,1}} = 44,95 \text{ см}^2$$

Сортаменттен қабылдаймыз: 4Ø32 S500 $A_s = 32,17$ см² және 4Ø20 S500 $A_s = 12,56$ см²

Көлденең арматураның класы мен қадамын конструктивті түрде қабылдаймыз.

Арматура диаметрін d_w екі шартқа байланысты қабылдаймыз: ≥ 6 мм және $\geq 1/4 d_{max}$; Осы шартқа байланысты $d_w = 6$ мм деп қабылдадым.

Қабылдаймыз: ф 6 S240 ($A_s = 0,57$ см²).

Ұстын арматурасын құрастыру

Баған Ø32 S500 бойлық жұмыс арматурасынан және $s = 20$ см қадаммен орнатылатын Ø12 S240 көлденең арматурадан (қамыттардан) анықталатын жалпақ тоқылған қаңқадан тұратын толассыз қаңқалармен арматураланады.

2.3 Ортадан жүктелген ұстын астындағы іргетас

Бағананың көлденең қимасының өлшемі 40×40 см, бетон кл. C25/30, бетон бойынша қауіпсіздіктің жеке коэффициенті $\gamma_c = 1,5$; алдын-ала кернеуленген құрылымдар мен темірбетонның сығылуына арналған бетонның есептік кедергісі $f_{cd} = a_{cc} \cdot f_{ck} / \gamma_c = 0,85 \cdot 16 / 1,5 = 9,1$ МПа; Бойлық арматура класы S500 ($f_{yk} = 500$ МПа, $f_{yd} = f_{yk} / \gamma_c = 435$ МПа); көлденең арматура класы S240 ($f_{yk} = 240$ МПа, $f_{yd} = f_{yk} / \gamma_c = 167$ МПа);

Ұстын қимасы 40×40 м. Ұстынға іргетас қырындағы қимада бойлық күштің есептік мәні:

$$T_{ұрақты}: N_{Ed} = 1400 \text{ кН};$$

Есептік мәні:

$$N_n = \frac{N}{\gamma_n} = \frac{1400}{1,15} = 1218 \text{ кН};$$

Негіздің көлемін алдын ала формуламен есептейміз:

$$A = a \cdot b = \frac{N_n}{R_0 - \gamma_m \cdot d} = \frac{1218}{0,018 - 20 \cdot 33 \cdot 10^{-6}} = 4,2 \text{ м}^2$$

мұндағы

$$d = d_0 \sqrt{\sum M} = 0,23 \sqrt{-2} = 0,33$$

d_0 – топырақтың түрін ескеретін коэффициент; $d_0 = 0,23$.

$\sum M$ – жыл бойындағы минус температуралардың жиынтығы;

Квадрат табанның өлшемдері $a = \sqrt{4,2} = 2,05 \text{ м}$. $a = 2,4$ м тең етіп қабылдаймыз (0,3 м еселі). Есептік жүктемеден топыраққа түсетін қысым:

$$P = \frac{N}{A} = \frac{1400}{420000} = 0,019$$

Негіздің жұмыстық биіктігі:

$$h_0 = -0,25(h_c + b_c) + 0,5 \sqrt{\frac{N}{R_{br} + P}} = -0,25 \cdot 40 \cdot 2 + 0,5 \sqrt{\frac{1400}{1,6 + 0,019}} = 0,34 \text{ м}$$

Шарт бойынша іргетастың толық биіктігін анықтаймыз:

$$H = 37 + 4 = 41 \text{ см};$$

Ұстынның сығылған бөлігінің арматурасын дәнекерлеу $\varnothing 20$ А500С, С25/30 класты ұстын бетондалады.

$$H = 24 \cdot 2,8 + 25 = 140 \text{ см}$$

Іргетастың ақырғы биіктігін $H = 140$ см деп қабылдаймыз, $h_0 = 140 - 4 = 136$ см – үш сатылы.

$$M_{Ed} = N_{Ed} \cdot \left(\frac{b}{8}\right) \cdot \left(1 - \frac{c}{b}\right) = 1400 \cdot \left(\frac{3,3}{8}\right) \cdot \left(1 - \frac{0,4}{3,3}\right) = 380 \text{ кН}\cdot\text{м}$$

$$a_{Eds} = \frac{M_{Ed}}{b \cdot d^2 \cdot f_{cd}} = \frac{380 \cdot 10^6}{3300 \cdot 1330^2 \cdot 9,1} = 0,04$$

мұнда $d = h - c_1 = 1400 - 70 = 1330$ см. [3] В Қосымшасындағы В.1. кесте бойынша бетон үшін $a_{Ed} = 0,04$ және $\sigma_{sd} = f_{yd} = 435 \text{ МПа}$ – $\omega = 0,0412$, $\zeta = 0,971$

Созылған арматураның қажетті ауданы:

$$m_{Ed} = \eta \cdot V_{Ed} = 0,125 \cdot 1400 = 175 \text{ кН}/\text{м}$$

$$a_{Eds} = \frac{m_{Ed}}{b \cdot d^2 \cdot f_{cd}} = \frac{175 \cdot 10^6}{3300 \cdot 1330^2 \cdot 9,1} = 0,012$$

мұнда $d=h-c_1=1400-70=1330$ см. [2] В Қосымшасындағы В.1. кесте бойынша бетон үшін $a_{Ed}=0,012$ және $\sigma_{sd}=f_{yd}=435$ МПа – $\omega=0,0101$, $\zeta = 0,987$
Созылған арматураның қажетті ауданы:

$$a_s = \frac{m_{Ed}}{f_{yd} \cdot z} = \frac{m_{Ed}}{f_{yd} \cdot \zeta \cdot d} = \frac{175 \cdot 10^6}{435 \cdot 0,987 \cdot 1330} = 4,3 \text{ мм}^2$$

$$A_s = a_s \cdot b_{eff} = 4,3 \cdot 3,3 = 14,2 \text{ см}^2$$

Сортаменттен қабылдаймыз: $20\emptyset 12$ S500 ($A_s = 14,2 \text{ см}^2$).

Арматурлау пайызы $\mu_{\min}=0,05\%$ -ден көп.

3 Құрылыс технологиясы және ұйымдастыру бөлімі

3.1 Жалпы мәліметтер

Технологиялық әдіс монолитті темірбетон материалдардан жасалған ғимараттар мен құрылыстарды тұрғызу арматуралық, қалыптау, бетон, көліктік және қосалқы жұмыстарды қамтиды. Олардың барлығы әр түрлі жолдармен орындалады.

Жұмыс құрамы және олардың еңбек сыйымдылығы таңдалған технологияға байланысты, монолитті жұмыстар кешеніне кіретін әрбір операцияны қолдану, кейде операция тәсілі мен құралдарын таңдау технологиялық картаны егжей-тегжейлі әзірлеуден озуы тиіс.

5 Кесте - Топырақты игеру шарттарының сипаттамасы.

Атауы	Өлшем бірлігі	Сандық деректер
Топырақ тобы		II
Грунттың орташа тығыздығы	кг / м ³	2230
Бастапқы қопсыту коэффициенті	үлес%	16-20
Коэффициенті	үлес%	5-8
Коэффициентоткоса		1-1
Бұрыш	град.	45

3.2 Көлемді жұмыстарды анықтау

Қазаншұңқыр көлемі

Қазаншұңқырлар мен траншеялардың көлемін есептеу кезінде топырақтың қасиеттерін, іргетастардың өлшемдері мен түрлерін, осьтердегі ғимараттың жоспарын қолдану қажет. Қазаншұңқыр көлемі мынадай формула бойынша анықталады:

$$V_k = \frac{F_H + F_B}{2} \cdot H = \frac{5284 + 6568,13}{2} \cdot 4,9 = 29037,4 \text{ м}^3$$

мұнда F_H – қазаншұңқыр ауданы;

Қазан табанының ауданы:

$$F_n = (a+b) \cdot h / 2 = (33 + 85,136) \cdot 89,45 / 2 = 5284 \text{ м}^2$$

мұнда a – қазаншұңқыр табанының ені, м;

b – қазаншұңқыр табанының ұзындығы, м;

h – қазаншұңқыр табанының биіктігі, м;
Жоғарғы жағынан қазаншұңқыр алаңы:

$$F_6 = (a+b) \cdot h / 2 = (39+95,8) \cdot 97,45 / 2 = 6568,13 \text{ м}^2$$

Өсімдік қабатын кесу

Өсімдік қабатын кесуді есептеу кезінде өсімдік қабатының барлық алаңшаларына кесілетінін және келесі тиеу үшін штабельге салынатынын ескеру қажет. Өсімдік қабатын кесу кезіндегі жұмыс көлемі:

$$F_{c.p.} = F_{c.p.} \cdot 1,4 = 6568,13 \cdot 1,4 = 9195,2 \text{ м}^2$$

Аумақты абаттандыру бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде ғимаратты салу бойынша құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін оны пайдалану мақсатында құрылыс алаңының шетіне кесілген топырақты жинаймыз.

Топырақ жетіспеу көлемі

Қазаншұңқырлардың көлемі үлкен болған кезде топырақ жиналмауын механикаландырылған арнайы құрал-жабдықтармен (бульдозер, жоспарлаушы) жасау қажет. Қазаншұңқыр мөлшері аз болған жағдайда топырақ жинауын қолмен жүргізеді. Топырақ жетіспеу көлемі мынадай формула бойынша анықталады:

$$V_{\text{Подг.}} = F_H \cdot \Delta h = 5284 \cdot 0,3 = 1585,2 \text{ м}^3$$

мұнда F_H – қазаншұңқыр табанының ауданы;

Δh – тазарту тереңдігі ($\Delta h = 0,15 \dots 0,3$ м);

Артық топырақ көлемі

Артық топырақты шығару көлемін мына формула бойынша анықтаймыз:

$$V_{\text{И.Г.}} = V_k - V_{0.3} = 29037,4 - 18988,7 = 10048,7 \text{ м}^3$$

мұнда V_k – толық көлемі;

$V_{0.3}$ – қайта себілуге жататын топырақ көлемі;

Үйіндіге топырақ көлемі:

$$V_{\text{отв.}} = V_{0.3} = 18988,7 \text{ м}^3;$$

Көлік құралдарына топырақ көлемі

$$V_{\text{тр.сп.}} = V_k - V_{0.3} = 29037,4 - 18988,7 = 10048,7 \text{ м}^3;$$

Тегістейтін қабат құрылғысы:

$$V_{\text{в.с.1}} = h_0 \cdot S \cdot 40,8 = 0,1 \cdot (1,5 \cdot 1,5) \cdot 40,8 = 9,2 \text{ м}^3;$$

Топырақты тығыздау ауданы

Жабдыққа, еденге, көпірге, кірме жолдарға арналған іргетастар үшін тез арада негіз болатын қайта көму үшін барлық топырақтар тығыздалуға тиіс. Тығыздау көлемі тығыздалған қабаттың қалыңдығының орташаланған мәнін басу арқылы табуға болады:

$$F_{\text{ynл.}} = \frac{V_{0.3}}{h_{\text{ynл}}} = \frac{18988,7}{0,3} = 63295,6 \text{ м}^2;$$

6 Кесте - Жер жұмыстары көлемінің ведомосы

Жұмыс атауы	Өлшем бірлігі	Көлемі	Ескерту
Қазанды әзірлеу	м ³	29037,4	$V_K = \frac{F_H + F_B * H}{2}$
Өсімдік қабатын кесу алаңы	м ²	9195,2	$F_{срс}=(a+5)*(b+5)$
Қазан түбін әзірлеу	м ³	1585	$V_{п}=F_{тр} * \Delta h$
Кері жабу	м ³	18988	$(V_{о.з.}=V_{тр}-V_{ф})/K_{о.р.}$

Топырақты тығыздау ауданы	м ²	3104	$F_{упл.}=V_{о.з}/h_y$
Негіз құрылымы	м ³	3600	$V_{осн.}=F_{ф унд.} * h_{осн.}$
Іргетас көлемі	м ³	7200	$V_{ф унд.} =$
Жертөле қабырғаларының көлемі	м ³	104	$V_{стен.} =$
Жертөле қабырғаларының көлемі	м ³	266	$V_{пер.}= F_{пер.} * h_{пер.}$
Жертөле қабырғаларын және іргетасты гидроизоляциялау	м ²	9335,7	

Қазаншұңқырдағы топырақты асылдандыру үшін экскаваторды таңдау
 Қазаншұңқырдағы топырақ көлемінен экскаватор шөмішінің сыйымдылығын анықтаймыз – 0,65 м³.

Салыстыру үшін экскаваторды қабылдаймыз.

HYUNDAI R170W-7

1 нұсқа

$$\Sigma n_{\text{маш-смен}} = \frac{V_K \cdot N_1 + V_{\text{т.ср.}} \cdot N_2}{8,2} = \frac{29034,4 \cdot 1,7 + \frac{10048,7}{100} \cdot 2,1}{8,2} = 86$$

2 нұсқа

$$\Sigma n_{\text{маш-смен}} = \frac{29034,4 \cdot 1,8 + \frac{10048,7}{100} \cdot 2,3}{8,2} = 92$$

Топырақ үйіндісін қазуды ескеретін және көлік құралдарына тиеумен экскаватордың ауыспалы қазылуы, м³/ауысым;

1 нұсқа

$$P_{\text{см.выр.}} = \frac{V_K}{\Sigma n} = \frac{29037,4}{86} = 337,6$$

2 нұсқа

$$P_{\text{см.выр.}} = \frac{V_k}{\Sigma n} = \frac{10048,7}{92} = 315,6$$

Қазаншұңқырдағы 1 м^3 топырақты әзірлеу құны:

1 нұсқа

$$C = \frac{1,08 \cdot c_{\text{маш-смен}}}{P_{\text{см.выр}}} = \frac{1,08 \cdot 28,3}{337,6} = 0,090$$

2 нұсқа

$$C = \frac{1,08 \cdot c_{\text{маш-смен}}}{P_{\text{см.выр}}} = \frac{1,08 \cdot 28,3}{315,6} = 0,096$$

1 м^3 грунтты әзірлеуге үлестік күрделі салымдарды анықтаймыз:

1 нұсқа

$$K = \frac{1,07 \cdot c_{\text{оп}}}{P_{\text{см.выр}} \cdot t} = \frac{1,07 \cdot 17,14}{337,6 \cdot 350} = 0,00015$$

2 нұсқа

$$K = \frac{1,07 \cdot c_{\text{оп}}}{P_{\text{см.выр}} \cdot t} = \frac{1,07 \cdot 17,14}{315,6 \cdot 350} = 0,00017$$

мұнда $C_{\text{оп}}$ – экскаватордың инвентарлық-есептік құны;

t жыл-жылына экскаватор жұмысының нормативтік саны;

1 м^3 топырақты әзірлеуге келтірілген шығындарды анықтаймыз:

1 нұсқа

$$P = C + E \cdot K = 0,09 + 0,15 \cdot 0,00015 = 0,090235$$

2 нұсқа

$$P = C + E \cdot K = 0,096 + 0,15 \cdot 0,00017 = 0,0960255$$

Ең аз келтірілген шығындар бойынша тістері бар шөмішпен экскаваторды таңдаймыз.

Қазаншұңқырды әзірлеу үшін көлік құралдарын таңдау

Қазаншұңқырдан артық топырақты шығару және экскаватормен бірлескен жұмысты қамтамасыз ету үшін қосалқы машиналар ретінде МА3-503 автосамосвалын таңдаймыз.

$$V_{2p} = \frac{V_{\text{ков}} \cdot V_{\text{нап}}}{K_{\text{пр}}} = \frac{0,65 \cdot 1,25}{1,16} = 0,7 \text{ м}^3$$

мұнда $V_{\text{ков}}$ – экскаватор шөмішінің қабылданған көлемі, м^3 ;

$K_{\text{нап}}$ – шөмішті толтыру коэффициенті;

$K_{\text{пр}}$ – бастапқы қопсыту коэффициенті;

Экскаватор шөмішіндегі топырақ массасын анықтаймыз:

$$Q = V_{2p} \cdot \gamma = 0,7 \cdot 2230 = 1561 \text{ кг/м}^3$$

Автосамосвал шанағына тиелетін топырақ шөміштерінің саны:

$$n = P / Q = 7,06 / 1,561 = 4,52 \approx 4$$

мұнда P – автосамосвалдың жүк көтергіштігі;

Анықтаймыз көлемі топырақты плотном теле, жүктеу автосамосвал шанағына:

$$V = V_{гр} \cdot n = 0,7 \cdot 4 = 2,8 \text{ м}^3$$

Автосамосвал жұмысының бір циклының ұзақтығын есептейміз:

$$T_y = t_n + \frac{60L}{V_r} + \frac{60L}{V_n} + t_m = 3,528 + \frac{60 \cdot 1}{17} + \frac{60 \cdot 1}{30} + 3 = 14,05 \text{ мин}$$

$$t_n = \frac{V \cdot H_{вр}}{100} = \frac{60 \cdot 2,8 \cdot 2,1}{100} = 3,528 \text{ мин}$$

мұнда $H_{вр}$ - машина уақытының нормасы;

Автосамосвалдардың талап етілетін саны:

$$N = T_y / t_n = 14,05 / 3,528 \approx 4$$

4 автосамосвалды қабылдаймыз.

Топырақты тығыздау механизмін таңдау

Топырақ тығыздауының барынша үлкен көлемінен механикаландырылған тәсілмен қабылдаймыз:

Каток ДУ – 10А – өздігінен жүретін ені тығыздау 0,85 м;

Тығыздалатын қабаттың қалыңдығы 0,3 м;

Катоктың ауыспалы пайдалану өнімділігін анықтаймыз:

$$P_9 = \frac{(B-b) \cdot V \cdot 1000 \cdot h \cdot T}{m} \cdot K_b = \frac{(0,85 - 0,2) \cdot 4 \cdot 1000 \cdot 0,3 \cdot 0,15}{6} \cdot 0,85 = 533 \text{ м}^3$$

мұнда В-тығыздау жолағының ені;

b-Аралас жолақтарды жабу ені;

V-қозғалыстың орташа жұмыс жылдамдығы, км/сағ h-тиімді тығыздау қабатының қалыңдығы, м; T-ауысым ұзақтығы, сағ;

K_b -ауысым уақытын пайдалану коэффициенті; m – бір орын бойынша өтетін жолдардың қажетті саны.

Жер жұмыстарын тұрғызу кезіндегі қауіпсіздік техникасы

Жер жұмыстарын тұрғызу кезінде ҚНЖЕ және жұмыс өндірісінің жобасында көзделген қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтау қажет. Жер жұмыстарын орнатқанға дейін барлық қолданыстағы жер асты коммуникацияларының нақты орналасуын орнату қажет. Олардың жақындығы бойынша топырақты өндіруді осы коммуникацияларды пайдаланатын ұйымның жазбаша рұқсатымен, ұйым өкілінің қатысуымен және жұмыс өндірушінің немесе шебердің бақылауымен ғана жүргізу қажет. Электрокабельдерден, арынды суағарлар мен газ құбырларынан тікелей қашықтықта топырақты қазу соққы құралдарын қолданбай жүргізеді.

Қазаншұңқырларды салып, еңістерді қолданыстағы нормативтік құжаттармен шектерге жасайды.

Экскаватордың іс-қимылының астында оның шөмішінің немесе жебесінің астында болуға, кенжардың жағынан жұмысты орындауға тыйым салынады. Автосамосвалдарға экскаватормен топырақты тиеуді артқы немесе бүйірлік борт жағынан, экскаватор мен автомашина арасындағы Адамдардың жақындығы бойынша жүргізуге тыйым салынады.

Қысқы кезеңде жер жұмыстарын жүргізу кезінде қысқы жағдайлардың ерекшелігін ескеретін талаптарды сақтау қажет.

3.3 Автокран тандау

1. Илмектің көтеру биіктігі:

$$H = h_{отм} + 0,5 + h_{кон} + h_{стр} + 1,5 = 10 + 0,5 + 0,33 + 4,5 + 1,5 = 16,53 м$$

мұнда $h_{отм}$ – ғимараттың ең биік белгісі;

$h_{стр}$ – жүк асып қоятын арқан;

2. Жүк көтергіштігі:

$$Q = q_{тяж} + q_{гр.пр} = 2,5 + 0,15 = 2,65 т$$

мұнда $q_{тяж}$ – ғимараттағы ең ауыр элемент;

$q_{гр.пр}$ – жүк қармағыш құрал-сайман салмағы;

3. Жебенің ұзындығы:

$$L = B + 4,1 + 4,5/2 - 1,5 = 44 + 4,1 + 2,25 - 1,5 = 48,85 м$$

мұнда B – ғимараттың ені;

QTZ-125 50м жебелі мұнаралы кран таңдаймыз. Ғимараттың ұзындығы 1924 м ені 25,6 м деп қабылданған, кран ғимараттың шет жақ ортасында жұмыс істейді.

3.4 Бетон тасушы машиналардың санын анықтау

Нысанға бетон қоспасын үздіксіз жеткізу шарттарынан формула бойынша анықтаймыз:

$$N = \frac{K_p \cdot P_э}{P_a} = \frac{0,87 \cdot 84,8}{57,99} = 1,27 \approx 1$$

«КАМАЗ-53213» маркасын таңдаймыз.

мұнда K_p - кранның өнімділік резервін жүргізуші машина ретінде ескеретін коэффициент, ол 0,85-09 шамасында қабылданады;

$P_э$ - сменадағы бетонтасушы машинаның эксплуатациялық өнімділігі, м³/см;

P_a - бетонтасушы машинаның эксплуатациялық өнімділігі мына формула бойынша анықталады:

$$P_a = \frac{60 \cdot V \cdot T \cdot K_б}{T_ц} = \frac{60 \cdot 8 \cdot 8 \cdot 0,82}{54,3} = 57,99;$$

мұнда V – бетонтасушы машинаға тиелген бетон қоспасының көлемі, м³;

T – сменның ұзақтығы, сағ;

$K_б$ – машинаның уақытқа байланысты пайдаланылу коэффициенті, ол 0,85-09 шамасында қабылданады;

$T_ц$ – көлік циклінің ұзақтығы, мин;

$T_ц$ – көлік циклінің ұзақтығы мына формуламен анықталады:

$$T_{цз} = t_3 + \frac{2L \cdot 60}{V_{cp}} + t_p = 0.75 + \frac{2 \cdot 11 \cdot 60}{25} + 0.75 = 54.3$$

Мұнда t_3 – зауыттағы бетонтасушы машинаға бетон қоспасын тиеу уақыты, мин;

L – тасымалдау қашықтығы, км;

V_{cp} – бетонтасушы машинаның қозғалысының орташа жылдамдығы, км/сағ;

t_p – бетон қоспасын бетонтасушы машинадан бадьяларға түсіру уақыты, мин.э;

7 Кесте - Жер жұмыстарын жүргізу бойынша құрылыс машиналарының қажеттілігі

Аталуы	Түрі, маркасы	Саны
Экскаватор – кері күректі, ожау сыйымдылығы 0,65 М³	Э-652	1
Бульдозер	Д – 170	1
Пневмотегістеу	К – 701	1
50 м жебелі мұнаралы кран	QTZ – 125	1
Терең дірілдеткіш	ИБ – 66	8
Беттік дірілдеткіш	ИБ – 29	4
Дәнекерлеуші трансформатор	ТС – 500	2
Бортты көлік 14тн.	КАМАЗ – 514	2
Автосамосвал ж.к. 15т.	КАМАЗ – 65115	2
Автобетонараластырғыш, КАМАЗ – 53213	КБ-674А	1

3.5 Объектік құрылыстық бас жоспарды жобалау

Құрылыстық бас жоспар жалпы алаңдық және объектілік болып екі түрге бөлінеді. Біріншісін жобалаушы ұйым жұмыс жобасы деңгейінде құрылысты ұйымдастыру жобасының (ҚҰЖ), ал екіншісін құрылыс ұйымы жұмыс құжаттары деңгейінде жұмыс өндірісі жобасының (ЖӨЖ) құрамында жасайды.

Объектілік құрылыстық бас жоспар жалпыалаңдық құрылыстық бас жоспарға кіретін барлық салынып жатқан үймереттер мен ғимараттарға арналып, бөлек жасалады. Күрделі үймереттер үшін объектілік құрылыстық бас жоспар түрлі кезендерге (даярлық, негізгі, т.б.) және жұмыс түрлеріне (жер жұмыстары,

жерасты - жерүсті бөлігін салу, жабын жұмыстары және басқа) арналып жасалуы мүмкін.

Құрылыстық бас жоспарды жасау үшін пайдаланылатын бастапқы құжаттар:

– құрылысты ұйымдастыру жобасының құрамындағы құрылыстық бас жоспар шешімі;

– кешенді торкөзді график немесе жұмыс өндірісінің мерзімдік жоспары;

– технологиялық карталар, үймереттің немесе ғимараттың жұмыс сызбасы.

Объектілік құрылыстық бас жоспарды мердігер немесе оның тапсырмасымен бірлестіктің немесе ведомствоның жобалау-технологиялық ұйымы жасайды.

Құрылыс шаруашылығының уақытша объектілерін орналастыруды құрастыру және жүк көтергіш механизмдерден бастау керек, өйткені құрылыстық бас жоспардың қалған барлық шешімдерінің орындалуы - ең алдымен, солардың қалай орналастырылуына байланысты.

Құрастыру крандары мен жүк көтергіштерді орналастыру мен объектіге байлау, құрылыс алаңындағы жұмыстарды тежеу және қауіпті аймақтарды анықтауға байланысты мәселелерді жұмыс өндірісінің әрбір нақтылы жағдайын, қауіпсіздікті сақтаудың техникалық талаптарын, жұмыс өндірісінің картасын ескере отырып жобалау керек.

Құрастыру крандары жүретін жолдарды, әдеттегідей үймереттің өн бойымен салу қажет. Машиналарды топырағы алынған жерлерде (ор, шұңқыр, қанау және басқаларда) еңістен қауіпсіз қашықтықта пайдалануға рұқсат етіледі.

Объектілер жанындағы қоймалар құрылыс ішіндегі жолдар мен негізгі тасымал магистральдары арқылы жеткізілетін материалдарды түсіріп, қабылдап алуға жеңіл болады деген жерлерге салынады. Құрама құралымдар, материалдар, жартылай шикізаттар қоймалары кран жұмыс істейтін аймақта орналасуы керек.

Қоймаларды орналастыру кезінде өндіріс жұмыстарының технологиялық карталары мен үлгілерінде қабылданған шешімдерді басшылыққа алу керек. Осымен бірге механизмдердің жұмыс істейтін аймағындағы қойма алаңдарының габаритті үлгілерін анықтаумен ғана шектелмей, құрастырудың технологиялық реттілігін есепке ала отырып құрама құралымдардың түрлері мен маркаларына қарай сұрыптап, реттеп орналастыру қажет.

Объекті жанындағы механикаландырылған қойманың ені тиеу-түсіру жұмыстарының параметрлеріне байланысты белгіленеді және ол әдетте 10 метрден аспайды.

Өрт қауіпі бар және шаңтозаңды материалдар сақталатын ашық қоймалар басқа үймереттер мен ғимараттардың ық жағына орналастырылады және олардың 20 метрден кем қашықтықта болмауы керек. Барлық қоймалар жол шетінен кем дегенде 0,5 метр жерде орналастырылады.

Құрылыс алаңындағы ішкі құрылыс жолдары қоймалар мен механикаландырылған жабдықтардың жұмысын тоқтаусыз қамтамасыз етуі тиіс. Уақытша жолдардың ені және олардағы қозғалыс қатарының саны автомобиль түрлеріне, жолдардың категорияларына байланысты анықталады және көлік бір бағытта жүрсе жол ені - 3,5 метр, ал екі бағытта жүрсе 6 метр деп қабылданады..

Қоймалар мен құрылыс ішіндегі автомобиль жолдарын орналастырғаннан кейін уақытша құрылыстарды салуға көшеді. Уақытша(негізінен инвентарлық) өндірістік, санитарлық-тұрмыстық, әкімшілік үймереттері жұмысшылардың жұмыс орындарына қауіпсіз және ыңғайлы өткіндермен баруын және үймереттердің өзара тұруын қамтамасыз ететіндей орналасуы қажет. Бұл үймереттерді коммуникацияға қосуға кететін және пайдалану шығындарын азайтуға көмектеседі. Егер жалпыалаңдық құрылыстық бас жоспар бар болатын болса, онда объектілік жоспарда тек салынып жатқан объектіге жалғас территориялардағы уақытша үймереттер, ғимараттар мен жабдықтардың орналасу жағдайы ғана анықталады.

Объектілік құрылыстық бас жоспарында техника қауіпсіздігі талаптары нақтылана түсіп, жұмысқа қауіпті деп қоршалған механизмдер орналасқан және жоғары кернеулі электр желілері өтетін аймақтар, темір жол өткелдері, көлік қозғалысын реттейтін белгілердің қойылған жерлері, тағы басқалар көрсетіледі. Осы сияқты құрылыс шаруашылығының басқа да элементтері анықталады.

Құрылыс алаңындағы әкімшілік – шаруашылық және тұрмыстық бөлмелер

Көктегі жұмысшылар санын есептеу нәтижесінен яғни график бойынша өндіріс жұмысын 1 адамға сәйкес санитарлы-тұрмыстық белердің қажеттілігін орнатамыз.

Құрылыс алаңындағы құрылыс басқару конторасын 31315 серия бойынша тек шектеулі техникалық мамандарға, құрылысқа тікелей қатысты (прораб геодизист) қозғалмалы деп қабылдаймыз.

Ғимараттың санитарлы-тұрмыстық көрсеткіштері «8-кестеге сәйкес» ғимаратқа керекті аудандарды анықтауға қажетті мәндер берілген.

8 Кесте - Ғимаратқа қажет аудандар

Көрсеткіш атауы	Бөлмені қолданушы жұмысшылар саны	Бір адамға келетін ауданы, м ²	Қажетті ауданы, м ²	Қамтамасыз етілуі
Душ-гардероб 80%	10	0,9	9	ГОССД-6
70% ер адам әжетханасы	7	0,09	0,63	5055-7-2
30% әйелдерге арналған	3	0,14	0,42	-

әжетхана				
Жұмысшылар үшін жылыну және тамақтану бөлмесі 80%	10	0,25	2,5	1129-ОК-12

Құрылысты энергетикалық ресурстармен және сумен қамтамасыз ету «9-кестеге сәйкес» көрсетілген.

9 Кесте - Электрмен қамтамасыз ету үшін қажетті қуат

Тоқ қабылдағыштың аты	Саны	Есепті жалпы қуаты кВт	Коэффициенттер		Есептік қуаты	
			Сұраныс K_c	Қуаты $\cos\varphi$	Актив. P_M кВт	Реак. Q_M кВдр.
Дәнекерлеу трансформаторы	1	32	0,3	0,4	9,6	22,1
ПЗС-35-пен құрылыс алаңын жарықтандыру	11	5,5	1	-	5,5	-
ПЗС-25-пен мыс орнын жарықтандыру	2	0,4	1	-	0,4	-
Тұрмыстық жарықтандыру және жылу	-	10	1	-	10	-
Барлығы					25,5	22,1

$$\operatorname{tg}\varphi = \frac{\sum Q_M}{\sum P_M} = \frac{22,1}{25,5} = 0,86$$

$$\cos\varphi = 0,76$$

Жалпы жүктеме:

$$\sum S_n = \frac{\sum P_M}{\cos\varphi} = \frac{25,5}{0,76} = 33,5 \text{ kBa}$$

келтірілмеген шығындарға 10% жалпы жүктемелер:

$$S_n \times 0,1 = 33,5 \cdot 0,1 = 3,35 \text{ kBa}$$

Қажетті қуаттылық:

